

Тараз қаласының көшесі мен бұрылыстарын қайта атау туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 253 қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 30-8 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 4075 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 9 қарашадағы қорытындысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Тараз қаласының Ленин көшесі және Ленин көшесінің 1, 2 бұрылыстары Бейбітшілік көшесі және Бейбітшілік көшесінің 1, 2 бұрылыстары болып қайта аталсын

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, салық және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін

3. Осы нормативтік құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы

Б. Орынбеков

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

М. Төлөпберген

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Б. Қарашолаков